

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті**

5B011500 «Құқық және экономика негіздері» мамандығының  
студенттеріне арналған  
«Білім беру жүйесіндегі менеджмент» пәні бойынша  
практикалық сабақтарға  
**әдістемелік нұсқау**

Ақтөбе – 2016

Құрастырушылар

Ph.D докторы, аға оқытушы Болатова Б.Ж., аға оқытушы Султамуратова Н.Б., экономика магистрі Қ.О.Сулейменова «Экономика және менеджмент» кафедрасы. 5В011500 «Құқық және экономика негіздері» мамандығының студенттеріне арналған «Білім беру жүйесіндегі менеджмент» пәні бойынша практикалық сабақтарға әдістемелік нұсқау.

«Білім беру жүйесіндегі менеджмент» пәні бойынша практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау қазіргі мектепті менеджмент негізінде басқарудың ғылыми ережелері мен заңдылықтары, принциптері мен әдістері туралы түсінік береді.

**Сын-пікір берушілер:**

Жумағалиева Б.З. - экономика ғылымдарының кандидаты, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, «Экономика және туризм» кафедрасының доценті.

Ахметова Г.И. - экономика ғылымдарының кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, экономика және құқық институты «Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде мақұлданып, баспаға ұсынылды. № 5 Хаттама 19 мамыр 2016 ж.

## Мазмұны

Алғы сөз.....	4
Педагогикалық менеджменттің білім жүйесі элементтерінің негізгі мінездемелері және мәні.....	5
Педагогикалық менеджменттің мақсаты мен міндеттері.....	9
Педагогикалық менеджменттің қызметі.....	13
Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары.....	17
Педагогикалық менеджменттің әдістері.....	21
Педагогикалық менеджмент тиімділігін анықтаудың факторлары.....	25
Педагогикалық менеджмент субъект қызметінің нәтижелері.....	30
Білім берудегі менеджмент тұжырымдамасын дамытудың тарихы....	33
Мектепті басқарудағы адамгершілік қасиет.....	37
Педагогикалық менеджменттегі іскерлік қатынастағы психологиялық негіздер.....	40
Педагогикалық менеджмент іскерлік қатынас ұстанымдары және әдеп нормалары.....	44
Қазіргі іскер адамның қызметіндегі әдеп.....	47
Келіссөздер мен әңгімелесуді дайындаудағы психологиялық негіздер..	51
Педагогикалық менеджмент- психологиялық қорғаудың әрекеті.....	55
Қазіргі іскерлік қатынастың түрлері мен формалары.....	58

## АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі күні педагогика ғылымында педагогикалық процесті басқару ғылымы тұрғысынан зерттеу, түсіну бағыты байқалады. Менеджмент ғылымында басқару— мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру. Мағынасы бойынша "менеджмент" термині "басқару" терминімен ұқсас. Алайда, қазіргі түсінік бойынша "басқару" ұғымынан "менеджмент" ұғымы кеңірек, өйткені ол адамзат қызметінің әр түріне қолданылады.

Менеджмент (*manage* ағылшын тілінде – басқару, меңгеру, ұйымдастыру) – ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үдерісін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы. Басқару объектілері – биологиялық, техникалық, әлеуметтік жүйелері. Әлеуметтік жүйелердің бірі – білім беру жүйесі.

Әлеуметтік басқарудың жалпы заңдылықтарына бағынғанмен, білім беру жүйесін басқарудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Білім беру менеджментінің негізгі мақсаты — білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы тиімділігін арттыру. Педагогикалық менеджмент оқу-тәрбие, оқу-таным үдерісінің және білім берудің бүкіл жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған, оларды басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық тәсілдерінің кешені.

Әдістемелік нұсқау «Білім беру жүйесіндегі менеджмент» курсы бойынша практикалық сабақтарды жүргізу кезінде қолдануға арналған. Әдістемелік нұсқауда тақырып мақсаты, практика сабағының жоспары, блиц-тесттер, бақылау сұрақтары, сызбалар, есептер, кейстер, ситуациялар глоссарийлер, мәнжазба тақырыптары, қолданылатын әдебиеттер тізімдері келтірілген.

Әдістемелік нұсқауда келтірілген практикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде студент менеджменттің қалыптасу және даму кезеңдері, басқару ісінің ғылыми ережелері мен заңдылықтары, принциптері мен әдістері туралы түсінік қалыптастырады. Сонымен қатар, менеджмент саласындағы әлемдік экономикалық ғылым жетістіктерін негізге ала отырып, оны білім мекемелерін басқару ерекшеліктеріне орай пайдалану жолдары туралы дағдыларын меңгереді.

Бұл әдістемелік құрал «Білім беру жүйесіндегі менеджмент» пәні бойынша алған теориялық білімдерді практикалық тапсырмалармен бекітуге және басқару әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді.

## №1 сабақ

### Тақырып Педагогикалық менеджменттің білім жүйесі элементтерінің негізгі мінездемелері және мәні

**Сабақ мақсаты:** Педагогикалық менеджменттің білім жүйесіндегі рөлі туралы мәліметтер алу

#### Практикалық сабақтың жоспары:

- 1.Әлеуметтік басқарудағы жаңа философия
- 2.Білім берудегі менеджмент-ғылым ретінде
- 3.Ұйымның тиімді және әсерлі жұмыс жасауы
- 4.Құрылым және білім жүйесінің факторы
- 5.Педагогикалық менеджмент, білім беру үдерісі
- 6.Оқу-танымдық үдерісіндегі менеджер
- 7.Оқу-тәрбие үдерісіндегі менеджер
- 8.Білім үдерісіндегі мониторинг
- 9.Мәлімет
- 10.Оқу-тәрбие үдерісін басқару

#### Блиц-тест

1. «Басшылық қызметі белгілі негізгі сызықтан тұрады, мекеменің басты мақсаты ағарту жүйесі, сондықтан ағартушылық басшылық ұйымы өзінің бағыныштыларды басқарады» деген автор:
  - a) Ф.Г.Паначин
  - b) Ю.А.Тихомиров
  - c) В.Т.Афанасьев
  - d) Ю.А.Конаржевский
  - e) Г.Х. Попов
2. «Ғылыми басқару қағидалары» атты еңбегінің авторы:
  - a) У. Тейлор
  - b) К.Маркс
  - c) Ф.Энгельс
  - d) Ю.А.Тихомиров
  - e) В.Т.Афанасьев
3. Педагогикалық менеджмент бұл-
  - a) білім беру менеджменті
  - b) әлеуметтік менеджмент
  - c) оқу тәрбие процесі
  - d) Педагогтар мен студенттерді басқару
  - e) Басшылық жасау
4. «Менеджмент» сөзі қандай мағына білдіреді?
  - a) «басқару», «меңгеру»
  - b) «шебер»
  - c) «білікті маман»

- d) «ұйымдастыру»
  - e) «түзету», «реттеу»
5. «Өз ісінің мән-жайын жетік білетін маман»:
- a) менеджер
  - b) білікті маман
  - c) шебер
  - d) жанашыл ұстаз
  - e) кәсіби әдіскер
6. «Дәстүрлі әдістің орнына – ғылым, қарама- қарсылықтың орнына – үйлесімділік, дербес жұмыстың орнына ынтымақтастық, еңбек өнімділігін арттыру, өте қажетті барынша қолайлы жағдай жасау...» тұжырымдамасын ғылымға енгізген ғалым:
- a) У. Тейлор
  - b) К.Маркс
  - c) Ф.Энгельс
  - d) Ю.А.Тихомиров
  - e) В.Т.Афанасьев
7. «Басқару дегеніміз жүйенің жаңа сол жүйеге арналған күйге көшуі» деген тұжырымның авторы:
- a) Берг
  - b) Тейлор
  - c) Маркс
  - d) Энгельс
  - e) Тихомиров
8. «Басқару – не істеуге тура келетінін және мұны қайткенде, мейлінше жақсы және арзан істеуге болатынын білу өнері» деген тұжырымның авторы:
- a) У. Тейлор
  - b) К.Маркс
  - c) Ф.Энгельс
  - d) Ю.А.Тихомиров
  - e) В.Т.Афанасьев
9. Педагогикалық менеджменттің негізгі элементтерінің мәні мен жүйе құраушы ұғымдарын құрайтын базалық анықтамаларға мыналар кіреді:
- a) педагогикалық менеджмент
  - b) білімді аттестациялау
  - c) шығармашылық процесс
  - d) сабақ жоспары
  - e) ақпараттық-танымдық қызмет
10. Басқару функциясының компоненттеріне төмендегілердің қайсысы жатады:
- a) жоспарлау
  - b) психо педагогикалық әсер ету
  - c) басшылық жасау
  - d) басқару шешімдерін рәсімдеу
  - e) қоғамдық әсер ету

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Экономикаға білім беру жүйесінің өзгеру тенденциясын сипаттау.
2. Білім берудегі жаңа технологиялардың әсері.
3. ҚР Білім туралы заңынан- Кәсіптік білім беру жүйесіне талдау жасау.
4. Менеджменттің ғылым ретінде дамуы және тарихы.
5. «Басқару» және «менеджмент» ұғымдарына салыстырмалы түсінік беріңіз.
6. Басқару әрекетінің тарихи даму жолына сипаттама беріңіз.
7. Менеджменттің әдіснамалық негізін құрайтын концепцияларды атаңыз.
8. Басқару ісінің жаңа парадигмасын және оның даму тенденцияларын
9. сипаттаңыз.

### **Гипермәтінге сүйеніп, шешуші сөздерді жазыңдар:**

1. Білім беру саясаты – мемлекеттік өкімет органдарының білімберуді ұйымдастыру және азаматтарға білім беруді қадағалауды...
2. Білім беру жүйесінің тиімділігі – кез келген елдің жалпы... ірі ... бірі. Оған техникалық-экономикалық әлеует, әлеуметтік сала ғылым және мәдениет кіреді.
3. Білім беруді дамыту тұжырымдамасы – білім беру реформасын іске асыруда стратегия ... айқындайтын басты...
4. Білім беруді дамытудың стратегиялық бағдарламасы – шешімдер мен белгіленген бағыттарды ... бағдарламасы. Оны дәйекті жүзеге асыру тарихы нақты кезеңге алға қойылатын негізгі мақсаттарды орындауға көмектесуге тиіс мемлекеттің ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру жөніндегі...
5. Тактикалық міндеттер – білім беру жүйесін ... таяу міндеттері. Оны шешпей, стратегиялық міндеттерді шешу мүмкін емес.
6. Заң шығару әр мемлекеттің білім беру... негізі болып табылады.
7. Білім беру саясатының негізгі көрсеткіші негізінен осы саланы ... дәрежесіне байланысты.
8. Басқару «белгілі жағдайда барынша ... нәтижеге жету үшін әр қызметкердің, олардың тобының және ұйымның қызметіне ....процесі.
9. Жоспарлау – шаруашылық процесінде қоғамның пайдаланатын заңдарының негізгі ... болып табылатын басқарудың экономикалық ...бірі.
10. Әлемнің көп елдерінде әлеуметтік саясаттың негізгі принциптерінің бірі білім беруді ... болып жарияланады..
11. Интернационалдандыру – басқа халықтар мен ұлттар және олардың дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне ... тәрбиелеу, шет тілдеріне ерекше көңіл бөлу.
12. Білім беру саясаты белгілі ... бағынады және оның негізінде ... жалпы ... жатады.

### **Глоссарий:**

**Менеджмент** - қолда бар ресурстарды ұтымды қолдану арқылы ұйымның мақсаттарын қалыптастырып, оған қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған білімдер мен кәсіби қызметтің саласы.

**Басқару** - қоғамдық ұдайы өндірісті нысаналы түрде үйлестіріп отыру.

**Мақсатты басқару** - басқару нысаның дамуы және жетілуіне практикалық тұрғыдан әсер ететін маңызды ошағы ретіндегі оның әлеуметтік мазмұнын білдіреді.

**Басқару қызметі** - басқару шешімін қабылдау және өндіру; ұйымдастыру, реттеу, түзету, бақылау және есеп ұғымдарының жиынтығы.

**Менеджер еңбегінің құралы** - білім беру процесіндегі басқарылатын субъектінің қызметі болып табылады.

**Педагогикалық менеджмент** - бұл қағидалардың, әдістердің, ұйымдастырылған формалардың, технологиялық әдіс жинақтарының қызметін көтеруге және дамытуға бағытталған педагогикалық жүйелерді басқару.

**Педагогикалық үрдісті басқару** – қойылған мақсатқа сәйкес шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, басқару объектісін зерттеу, алынған ақпараттарды талдау және қорытындылау іс-әрекеті болып табылады.

**Білім беру мазмұны** - ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдының жүйесі. Осы жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамиды, ғылыми-материалистік көзқарасы, мінезі қалыптасады.

**Ұйымдастыру еңбегінің қорытындысы** - адамдардың жұмыстарының тиімділігін жандандыру, олардың арасындағы өзара мүлтіксіз қарым-қатынастары, өзіндік ақыл-ойының өсуі, олардың белгілі іс-әрекетке ұмтылуы, жұмысқа жақсы көңіл-күймен, өз еркімен қарым-қатынасы.

**Білім беру жүйесі** - елде білім беру-тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға арналған өзара әрекеттегі мекемелердің жиынтығы, олардың іс-әрекетінің мазмұны, білім беру мекемелерін басқару мүшелері.

### **Мәнжазба тақырыптары:**

1. Менеджменттің маңызы, оның білім беру жүйесіндегі рөлі мен орны.
2. Қазіргі білім берудің педагогикалық тұжырымдамалары.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

### **Әдебиет**

1. Беляева Г.В. Теоретические основы университетского менеджмента. М., 2006
2. Гончаров М.А. Основы менеджмента в образовании. М., 2009
3. Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой. -А:2001г
4. Зайцева И.В., Кукушкина В.С., Миронова Т.В., Попова Е.А., Шалудченко И.Е. Управление образовательными системами-М., 2006
5. Лебедева Н.А. Современный менеджмент в учреждениях образования. Алматы-1995
6. Симонов В.П. Педагогический менеджмент: НОУ-ХАУ в образовании.-М., 2007
7. Сергеева В.П. Управление образовательными системами. М.,2000
8. Каренов Р.С. Теория и практика образования. Алматы,1999



## №2 сабақ

### Тақырып Педагогикалық менеджменттің мақсаты мен міндеттері

**Сабақ мақсаты:** педагогикалық менеджменттің мақсаты мен міндеттері туралы түсінікті меңгеру

#### Практикалық сабақтың жоспары

1. Педагогикалық менеджмент субъектілері қызметінің мақсаты.
2. Мақсат-нәтиже үлгісі және сабақ мақсаты. Сабаққа қатысу мақсаты
3. Тәрбие- бұл тұлғаның дамытуын басқаратын үдеріс. Тұлғаның жан-жақты дамуы. Азаматты ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
4. Қоғамның бірқалыпты дамуы бұл өздігінен дамитын және нысананы көздейтін жүйе.
5. Тұлғаның жылдам бейімделуі.
6. Мамандарды таңдау және орналастыру, дайындау, тәрбиелеу. Мамандарды орналастыру және бастапқы баға.
7. Үздіксіз білім беру ұйымы.
8. Қызметшінің міндеті-жұмыс орындарына жұмыскерлерді бөлу. Қалыптастыру, дайындауда педагог мамандарды ұйымдастырушылық резервіне ұсыну.
9. Мамандардың басшылық қызметін тағайындаудағы байқаулар мен сайлауды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету.
10. Ұжым құрылымының жетілдірілуі.
11. Педагогикалық менеджменттің міндеттері.
12. Жекелеген жұмыс түрлерін орындаудың әдістемесі мен ережелері.
13. Қызмет нәтижесі сапасына қойылатын талаптар.
14. Орындаушылар қызметінің нәтижелері және есепке алудағы негізгі бақылау ережелері.
15. Оқу сабақтарының міндеттері

#### Блиц-тест

1. Басқару ғылымның пәні....
  - a) экономиканы басқару процесінде пайда болатын қызметкерлердің қатынасы болып табылады
  - b) басқарушы және басқарылушы жүйелер арасындағы байланыс
  - c) басқарылушы жүйенің өз ішінде жүргізілетін басқару қатынастары
  - d) басқару сатылары арасында басқару аппаратының арасындағы қатынастар
  - e) әрбір сатыны басқару буындарының арасындағы қатынастар
2. Педагогикалық басқару теориясы:
  - a) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер
  - b) адамдарды және әлеуметтік процестерді басқару өнері
  - c) өз еңбегін пайдаланып, интелектісін және басқа да адамдардың тәртібін пайдаланып жетекшінің қойылған мақсатқа жете білуі

- d) экономиканы басқару процесінде пайда болатын қызметкерлердің қатынасы
  - e) өндірісті басқарудың жалпы заңдары мен қағидаларын зерттейді
3. «Оқытудағы педагогикалық менеджмент – мұғалімнің оқыту процесін басқарудың нәтижелі жүйесін қалыптастыруға бағытталған мақсатты педагогикалық іс-әрекеті» деген анықтаманы берген ғалым:
- a) К.В. Дрязгунов
  - b) Л.П. Крившенко
  - c) В.П.Симонов
  - d) Ю. А. Конаржевский
  - e) Ю.А.Тихомиров
4. Басқару функциясының компоненттеріне жатпайды:
- a) Жоспарлау
  - b) нұсқау беру
  - c) ұйымдастыру
  - d) бақылау
  - e) уәждеме
5. В.П.Симонов еңбектерінде көрсетілген оқыту процесінің өзара байланысты құрылымы:
- a) оқу-тәрбие
  - b) оқу-танымдық
  - c) өздігінен білім алу процестері
  - d) оқыту тұғыры
  - e) педагогикалық ұстаным
6. "Басқару қызметі" түсінігінің мазмұнын төмендегі ұғымдардың қайсысы сипаттайды....
- a) басқару үрдісінің сатылары
  - b) менеджердің біліктілігі
  - c) менеджердің басқару шеберлігі
  - d) басқарушылық шешім
  - e) басқарушылық тәжірибе
7. Педагогикалық басқару теориясы:
- a) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер
  - b) адамдарды және әлеуметтік процестерді басқару өнері
  - c) өз еңбегін пайдаланып, интелектісін және басқа да адамдардың тәртібін пайдаланып жетекшінің қойылған мақсатқа жете білуі
  - d) экономиканы басқару процесінде пайда болатын қызметкерлердің қатынасы
  - e) өндірісті басқарудың жалпы заңдары мен қағидаларын зерттейді
8. Ұйым деңгейіндегі басқарудың әлемдік тәжірибесі қалай аталады?
- a) менеджмент
  - b) қызмет
  - c) ұйымдастыру

d) жетекшілік

e) меңгеру

9. Менеджмент сөзінің жалпы түсінігі?

a) басшының алдына қойған мақсаттарға қол жеткізуде, басқа адамдардың еңбектерін, қабілеттерін жұмылдыра білуі

b) білім беру мекемесінің жұмысын жоспарлау, реттеу

c) білім беру процесін басқарудың принциптері мен технологиялық тәсілдерін анықтау

d) педагогикалық жүйелерді ғылыми негізде басқару

e) басқару шешімдерін рәсімдеу

10. Педагогикалық менеджмент міндеттері қалай анықталады?

a) басқару мазмұнымен

b) оқу тәрбие процесімен

c) басшылық жасаумен

d) білім мазмұнымен

e) білім беру процесін басқарумен

### Бақылау сұрақтары:

1. Педменеджмент ұғымына түсінік беріңіз, оның субъектілерін атаңыз.

2. Педменеджменттің құрылымдық компоненттеріне сипаттама беріңіз.

3. Педагогикалық менеджменттің негізгі ұғымдарына түсінік беріңіз.

4. Педагогикалық менеджменттің функцияларын сипаттаңыз, олардың өзара байланысын көрсетіңіз.

5. Сабаққа қатысудың негізгі мақсатын сипаттаңыз.

6. Тәрбиенің тұлғаның дамытуын басқарудағы ролі.

7. Мамандарды таңдау және орналастыру, дайындау, тәрбиелеудің маңыздылығы.

8. Педагогикалық менеджменттің міндеттері.

9. Қызмет нәтижесі сапасына қойылатын талаптар.

10. Оқу сабақтарының міндеттері.

### Сөздік тізбесін құрастыру, хабарлама жасау және сызбалар

1. «Педагогикалық менеджменттің негіздері» атты тақырып көлемінде конспектілеу, анықтамалық сөздік тізбесін құрастыру, хабарлама жасау.

2. Сызбаны көрсетілген үлгі бойынша толықтырыңыз:

№	Басқару концепциясы	Концепцияның қысқаша сипаттамасы, калыптасу кезеңі және өкілдер
1	Еңбекті ғылыми басқару және классикалық (әкімшілік) басқару мектебі	XX ғасырдың 10-13-жылдары У. Тейлор, Анри Файоль және т.б. құрған. Еңбек әрекеттірін реттеуді, еңбек бөлінісін, басқарудың ғылыми принциптерін қолдануды, еңбек ресурстарын өндіріс факторы ретінде қарастыруды көздейді.
2	...	....

## **Глоссарий**

**Педагогикалық басқару теориясы** – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер.

**Басқару қызметінің мақсаты** – жұмыс түрлері мен тәсілдерін, оның жалпы бағыттарын айқындайтын бастау.

**Оқу-таным процесінің менеджері** – оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқару жүйесінің субъектісі ретіндегі мұғалім.

**Оқу-тәрбие процесінің менеджері** – педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысын басқарушы субъект ретіндегі директор (оның орынбасарлары).

**Оқу-таным процесі менеджерінің және оқу-тәрбие процесі менеджерінің еңбек нәтижесі** – менеджмент объектісінің (екінші субъектісінің) білім деңгейі, тәрбиелілік деңгейі және даму деңгейі.

**Басқаруды кәсібилендіру** – менеджерлерді кәсіби даярлауды, оларға тиісті білім беруді қамтамасыз ету.

**Сапаға бағдарлану** – сапаны басқару жүйесін құру, сондай-ақ басқарудың сапасын арттыру.

**Диверсификация** – басқару жүйесінің түрлі формалары мен типтерін, оның тетіктері мен технологияларын үйлестіру.

**Қызметті ынталандыру** – қызметкерлерге мақсатты ықпал жасау.

**Жұмысты реттеу** – орындаушылардың әрекеттерін үйлестіру.

## **Мәнжазба тақырыптары**

1. Педагогикалық менеджменттің функциялары мен принциптері
2. Педагогикалық менеджменттің әдістері
3. Білім беру мекемелерін басқару қағидалары
4. Педагогикалық менеджментте білім беру сапасын басқару

## **Әдебиет**

1. Менеджмент в управлении школой. Уч.пос / под.ред Т.И.Шамовой – М:2000г
2. Ильясов Д.Ф., Сериков Г.Н. Теория управления образованием.-М., 2004
3. Садвакасова З.М. Организационный менеджмент в образовании. Алматы, 2006
4. Садвакасова З.М. Стратегическое планирование в организациях образования // Менеджмент в образовании. -2002.№2.-С.5-12.
5. Файоль А., Эмерсон Г., Тейлор Ф., Форд Г. Управление-это наука и искусство. М.,1992
6. Пидкасистый П.И., Фридман Л.М., Гарунов М.Г. Психолого-дидактический справочник преподавателя высшей школы. М., 1999

### **№3 сабақ**

#### **Тақырып Педагогикалық менеджменттің қызметі**

**Сабақ мақсаты:** Педагогикалық менеджменттің қызметі туралы ұғымды меңгеру

#### **Практикалық сабақтың тақырыбы**

1. Педагогикалық менеджменттің қызметі туралы ұғым.
2. Объектіні бағдарлау және басқару жүйесі арасындағы қатынас.
2. Шешім қабылдау және жоспарлау функциясы. Оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау.
3. Менеджмент теориясына сараптама. Оқу жылындағы жұмыс жоспары және оқу сабағын жоспарлау.
4. Қабылданған шешімді орындаудағы ұйымның функциясы.
5. Орындаушыға дейінгі қабылданған шешімді жеткізу. Осы шешімді орындау мүмкіндігін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету.
6. Себеп функциясы.
7. Ұйым мүшелерінің берілген міндеттерге сәйкес жұмысты орындау функциясы.
8. Жұмыс себептерін жасау. Осы сыйақыға сәйкес келетін ұсынысқа еңбекті алмастыруға әкелетін үдеріс.
9. Алдын-ала, осы ағымдағы, кейінгі шегерілген және қорытынды бақылаудың функциясы.
10. Педагогикалық менеджменттің бақылауы.
11. Білім беру үдерісін талдау.

#### **Блиц-тест**

1. Педагогикалық менеджмент қызметтері:
  - a) жоспарлау
  - b) басқару
  - c) талдау
  - d) болжамдау
  - e) реттеу
2. Педагог-қызметкерлердің оқу-тәрбие қызметін басқару жүйесінің субъектісі ретінде әрекет жасайтын басшы қалай аталады?
  - a) оқу-тәрбие процесінің менеджері
  - b) оқу-таным процесінің менеджері
  - c) шаруашылық қызмет менеджері
  - d) оқыту процесінің менеджері
  - e) басқару процесінің менеджері
3. Ұйымның белгіленген жоспарды орындау жөніндегі жұмысының нәтижелерін анықтау, бұл:
  - a) жоспарлау
  - b) ұйымдастыру
  - c) бақылау

d) ынталандыру

e) реттеу

4. Жоспарды нақтылау, нақты жағдайларға байланысты іс-әрекет түрлерін өзгерту, бұл:

a) жоспарлау

b) ұйымдастыру

c) бақылау

d) ынталандыру

e) реттеу

5. Қойылған мақсаттарға байланысты жұмыс түрлерін жүзеге асыру, әрбір қызметкердің міндеттері анықтау, қолдағы ресурстарды қолдану, бұл:

a) жоспарлау

b) ұйымдастыру

c) бақылау

d) ынталандыру

e) реттеу

6. Оқу-тәрбие процесінің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат жинақтау және оны өңдеу, бұл:

a) басқару

b) талдау

c) бақылау

d) жоспарлау

e) болжау

7. Менеджердің басқару қызметінде аса маңызды фактор:

a) тұлғааралық қатынас

b) ақпараттық қауіпсіздік

c) тұлғааралық конфликт

d) материалдық жағдай

e) басқарушылық стиль

8. Менеджменттің ғылыми негіздері мен тәжірибесін алғашқы болып енгізген қай мемлекет?

a) АҚШ

b) Жапония

c) Франция

d) Испания

e) Ұлыбритания

9. Оқу-таным және оқу-тәрбие процесінің еңбек пәні мен өнімі:

a) ақпарат

b) баяндау

c) хабарлау

d) бағалау

e) өлшемдер

10. Оқушылардың оқу-таным қызметін басқару жүйесінің субъектісі ретінде әрекет жасайтын оқытушы қалай аталады?
- а) техникалық процес менеджері
  - б) оқу-тәрбие процесінің менеджері
  - с) оқу-таным процесінің менеджері
  - д) оқыту қызметінің менеджері
  - е) білімдендіру процесінің менеджері

### Бақылау сұрақтары

1. Басқару қызметі туралы мысалдар келтіріңіз.
2. Педагогикалық талдауды басқару функциясы ретінде сипаттаңыз. Педагогикалық талдаудың түрлерін атаңыз.
3. Мектепті басқару функциясы ретінде оқу-тәрбие үдерісін жоспарлаудың маңыздылығы қандай?
4. «Мектептің негізгі оқу жоспары» дегеніміз не? Оның құрылымы мен қолданылу бағыты қандай?
5. Оқу сабақтарының кестесін құрастыруда кімнің және қандай қызығушылықтарды міндетті түрде ескеру қажет?
6. Жалпы білім беретін мектеп басшысының негізгі қызметтік міндеттерін атаңыз.
7. Мектеп басқарудағы педагогикалық талдаудың мазмұнын анықтаңыз, талдау объектілерін сипаттаңыз.
8. Мектептің түрлі жұмыс жоспарларына талдау жасаңыз. Олардың өзара байланысын көрсетіңіз.
9. Мектеп басшысының ұйымдастырушылық қызметіне сипаттама беріңіз.


### Тапсырмалар, сызбалар, схемалар

1. Төменде берілген тапсырманы мұқият оқып, педагогикалық менеджмент қызметтері түсініктерінің сәйкестігін анықтау

Жоспарлау функциясы	Бұл еңбек пен түрлі ресурстарды қосып, жоспарланған бұйымды шығару немесе қызмет ету.
Ұйымдастыру функциясы	Бұл өзінің қарамағындағы адамдарды түрлі жолдармен жұмысты жылдам әрі дұрыс істеуге ынталандыра алу.
Ынталандыру функциясы	Бұл бекітілген тапсырманы қалай орындағанын тексеру.
Бақылау функциясы	Бұл алдын-ала ұйымның негізгі көрсеткіштері мен қорытындысын бекіту.

2. «Педагогикалық менеджменттің құрылымы» атты сызба құрыңыз, оның жүйекұраушы компоненттерінің өзара байланысын көрсетіп дәлелдеңіз.
3. «Жоғары деңгей талаптарын қанағаттандырудың әдістері» атты берілген тақырып бойынша теориялық әдебиеттерден конспект жазу, мазмұндау

4. Модульмен гипермәтінге сүйеніп, төмендегі схемадағы қатені табыңыз және жөндеңіз.



### Глоссарий

**Сабақ мақсаты** - оқытушы мен білім алушының біріккен әрекетінің нәтижесі, оқу сабағы барысында білім алушылардың басым көпшілігін шығаруға жоспарлайтын білім дәрежесі.

**Сабаққа қатысу мақсаты** - кез келген оқытушының әр сабағында бақыланатын және ауызша, сандық бағаланатын оқытушы мен білім алушының әрекетінің нәтижесі мен түрі.

**Қызмет мақсаты** - жоспарланатын, болжанатын, күтілетін нәтиже.

**Басқару объектісі** - басқарушы әрекет бағытталған ұйымның жекелеген құрылымы немесе тұтастай ұйым.

**Жоспарлау** – ұйымның болашақтағы дамуы мен тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін процесс.

**Ұйымдастыру** - мақсатқа жету үшін тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік беретін кәсіпорын құрылымын құру процесі.

**Мотивация** – жеке мақсаттарға немесе ұйым мақсатына жету үшін өзін және өзгелерді қызметке итеру процесі.

**Бақылау** – бұл ұйымның өз мақсатына жетуін қамтамасыз ету процесі.

### Мәнжазба тақырыптары

1. Тұлғаларалық қатыныстардың оқытушылар қызметіне әсері.
2. Білім берудің ұлттық жүйесі: түсінігі және құрылымы
3. Мектеп педагогикалық жүйе және ғылыми басқару нысаны ретінде

### Әдебиет

1. Зайцева И.В., Кукушкина В.С., Миронова Т.В., Попова Е.А., Шалудченко И.Е. Управление образовательными системами.-М., 2006
2. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері: Оқу құралы. Ақтау, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010ж.
3. Симонов В.П. Педагогический менеджмент: НОУ-ХАУ в образовании.-М., 2007
5. Сергеева В.П. Управление образовательными системами. М., 2000



6. Каренов Р.С. Теория и практика образованием. Алматы,1999
7. Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Общая педагогика. –М., 2002
8. Тренев Н.Н. Стратегическое управление. М.,2000

#### **№ 4 сабақ**

#### **Тақырып Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары**

**Сабақ мақсаты:** Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары туралы түсінікті меңгеру

#### **Практикалық сабақтың жоспары**

1. Менеджмент субъектісінің мінез-құлқындағы оның басқарылатын өзара іс-әрекетіндегі негізгі ережелер.
2. Педагогикалық менеджменттің мазмұнындағы еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы ұстаным. Ұтымдылық. Менеджмент субъектісі қызметінің аналитикалық ұстанымы.
3. Оқушылар мен оқытушылар қызметінің тиімділігін бағалау және сараптау менеджерінің оқу тәрбие үдерісін бақылаудағы негізгі ережелер.
4. Нақты мақсат қоюдың ұстанымы.
5. Кез-келген деңгейдегі менеджердің қызмет мазмұнының негіздері.
6. Ұжымдылық пен нақтылыққа, әлеуметтік маңыздылықты есепке алудағы талаптар.
7. Менеджердің кез-келген деңгейдегі басқару қызметіндегі маңызды талаптар.
8. Ұжымдық ахуал, ұжымдық шығармашылық қоғамдық оқу орны ұйымындағы жетекшінің тірегі.
9. Функционалдық немесе қызметтегі қағида.
10. Орындаушалардың функцияларының нақтылығы негізінде тұрақты жаңарту, түзетуіндегі басқару қызметінің жетілдірілуі.
11. Кешендік ұстаным.
12. Сызықты басқару және функционалдық, мақсатқа сәйкес келу.
13. Жетілдірудегі жүйелік қағида.
14. Менеджменттің алдыңғы қатардағы іс-тәжірибесі теориялық жетістігі негізіндегі тиімді ғылыми басқаруды іске асыру.

#### **Блиц-тест**

1. Жеке тұлғаны оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға бағытталған мақсатты іс-әрекет қалай аталады?
  - a) оқыту процесі
  - b) тәрбиелеу процесі
  - c) дамыту процесі
  - d) өзін-өзі жүзеге асыру процесі
  - e) білімдендіру процесі

2. В.И. Загвязинский педагогикалық зерттеудің мынадай ұстанымдарын көрсетеді:

- a) ғылымдық; тарихи және логиканың бірлігі; зерттеушілік және практикалық оқу-тәрбие жұмысының бірлігі
- b) оқытушылық қызметті жетілдіру
- c) жеке тұлғалар арасындағы психологиялық қарым қатынасқа негізделген педагогикалық процесс
- d) білім беру менеджерінің қызметіне тән маңызды талаптар мен ережелер
- e) білім беру менеджерінің педагогикалық бағыттау

3. Қызметкерлерге белгілі бір тәртіпте іс-әрекет жасауды анықтаушы ықпал:

- a) ұйымдық регламенттеу
- b) ұйымдық нормалау
- c) ұйымдық-әдістемелік түсіндірме
- d) әміршілік ықпал
- e) ұйымдық ықпал

4. Қызметкерлерге өндіріс процестерін жүзеге асыруға қажетті нормалар мен нормативтерді жеткізу:

- a) Ұйымдық нормалау
- b) Ұйымдық регламенттеу
- c) Ұйымдық-әдістемелік түсіндірме
- d) Әміршілік ықпал
- e) Ұйымдық ықпал

5. Педагогикалық менеджмент ұстанымдарына төмендегілердің қайсысы жатады?

- a) ізгілендіру
- b) шынайылық
- c) өкілеттілік беру ұстанымы
- d) лидерлік ұстанымы
- e) уақыт факторы

6. Педагогикалық менеджмент ұстанымдарына төмендегілердің қайсысы жатады?

- a) Шынайылық
- b) мерзімінде орындалуы
- c) функционалды бағыт ұстанымы
- d) лидерлік ұстанымы
- e) өкілеттілік беру ұстанымы

7. Педагогикалық менеджмент ұстанымдарына төмендегілердің қайсысы жатады?

- a) менеджмент субъектісі қызметінің аналитикалық ұстанымы
- b) лидерлік ұстанымы
- c) мотивациялау ұстанымы
- d) мерзімінде орындалуы
- e) шынайылық

## 8. Педагогикалық ұстанымдар-

а) нормативтік сипаттағы негіз, немесе әрекеттің жалпы сипаттамасы, берілген білім аймағында таралатын құбылыс

б) Тұлғаның әрекет арқылы қоршаған ортаны тануы және қайта өзгертуі, іс-әрекетінің құрылымын, қызметін қарастырады

с) қазіргі педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, баланың дара, шығармашылық ерекшеліктерін ашу және есепке алуды қарастырады

д) теория мен практикада мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттің қалыпты басқарушысы

е) жеке тұлғалар арасындағы психологиялық қарым қатынасқа негізделген пед. процесс

9. “Әдіснамалық ұстаным” ұғымын теория мен практикада мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттің қалыпты басқарушысы деген өз ойын ұсынған ғалым:

а) Б.С. Гершунский

б) К.В. Дрязгунов

с) Л.П. Крившенко

д) В.П.Симонов

е) Ю. А. Конаржевский

10. Тұлғаға бағдарлану тұғыры:

а) қазіргі педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, баланың дара, шығармашылық ерекшеліктерін ашу және есепке алу

б) оқыту тұғыры

с) тұлғаға бағдарлы білім беру

д) тұлғаның дамуы

е) Іс-әрекет тұғыры

## Бақылау сұрақтары

1. Педагогикалық басқарудың заңдылықтарын атаңыз.

2. Басқару принциптеріне анықтама беріңіз.

3. Басқару принциптерін атаңыз және оларған сипаттама беріңіз.

4. Педагогикалық бақылаудың негізгі түрлеріне сипаттама беріңіз.

5. Мектепішілік бақылау әдістерін атаңыз, олардың өзара байланысын көрсетіңіз.

## Эссе, сызба, тапсырмалар

1. «Адамдар мінезі алмасуының есебіндегі басқару ерекшеліктері» тақырыбы бойынша эссе жазу.

2. Педагогикалық практика барысында қатысқан сабақтың біріне талдаудың әртүрлі үлгілеріне сүйеніп жан-жақты талдау жасаңыз.

3. «Жетекшіге қойылатын талаптар және факторлар» тақырыбы бойынша эссе жазу.

4. Білім менеджерінің үлгілі профессиограммасын жасаңыз (жұмыс ерекшеліктері, қызмет ету бағыттары, жеке басына және кәсіби жұмысына қойылатын талаптар, т.б.)

5.«Мәжіліс өткізудің әдістемесі» тақырыбы бойынша эссе жазу.

6.Төменде келтірілген педагогикалық менеджмент принциптерінің мазмұнына сипаттама беріңіз [М.А.Гончаров].

1. Мақсат нақтылық принципі сипаттайды: \_\_\_\_\_

2. Ізгіліктік немесе гуманизм принципі сипаттайды \_\_\_\_\_

3.Кешенділік принципі сипаттайды: \_\_\_\_\_

4. Жүйелілік принципі сипаттайды: \_\_\_\_\_

### **Глоссарий**

**Тұлғаға бағдарлы тұғыр** – бүкіл педагогикалық үдеріспен құбылысқа жеке тұлғалық позициямен қарау, оның құрылымын, даму заңдылығын ескеру.

**Ғылым** – бұл негізі гносеологиялық, логикалық, теориялық және практикалық әрекеттің әдіснамалық және құндылық талаптары

**Педагогикалық менеджмент қағидаларының мәні** - мұғалімдердің кәсіби қызығуын қолдау, өз әрекетіне сенімділігін ояту

**Мектепті басқару** – оның қалыптасуы мен дамуын, табысты қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық процестің барлық субъектілерінің мақсатты іс-әрекеті

**Басқару** – мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін және дамуын қамтамасыз ететін барлық субъектілердің мақсатты іс-әрекеті

**Мектеп** – мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы, олар білім беру жүйесін мемлекеттік тұрғыдан басқарудың объектілері болып табылады

**Басқару принципі** – менеджмент субъектісінің басқару функцияларын жүзеге асыруда жетекшілікке алатын негізгі идеялары мен ережелері

**Талдау** – белгілі бір мәселенің мәні-мағынасын бағалауға қажетті ақпарат жинақтауға және оны өңдеуге бағытталып, менеджменттің ең бастапқы функциясы болып табылады

### **Мәнжазба тақырыптары**

1. Басқару жүйесіндегі ғылыми зерттеулер: тәжірибесі және перспективасы
2. Психологиялық-педагогикалық, ұйымдастыру-ұйғарымдық, экономикалық басқару әдістері
3. Білім беру мекемелері қызметінің басымдық бағыттары
4. Педагогикалық менеджментте білім беру сапасын басқару

### **Әдебиет**

1. Менеджмент в управлении школой. Уч.пос / под.ред Т.И.Шамовой – М:2000г
2. Гончаров М.А. Основы менеджмента в образовании. -М., 2009.
3. Баймолдаев Т.М. Менеджмент как метод управления современной школой. Алматы, 2003.

4. Зайцева И.В., Кукушкина В.С., Миронова Т.В., Попова Е.А., Шалудченко И.Е., Управление образовательными системами. – М., 2006.
5. Ильясов Д.Ф., Сериков Г.Н. Теория управления образованием.- М., 2004
6. Каренов Р.С. Теория и практика менеджмента . – Алматы, 1999.

## **№5 сабақ**

### **Тақырып Педагогикалық менеджменттің әдістері**

**Сабақ мақсаты:** Педагогикалық менеджменттің әдістері туралы түсініктерді зерттеу

### **Практикалық сабақтың жоспары**

- 1.Басқару әдісі-педагогикалық менеджмент оның негізгі функцияларының іске асыруындағы қойылған мақсаттарының іске асуы.
- 2.Педагогикалық менеджмент әдістерінің төрт түрі.
- 3.Ынталандырудың экономикалық әдістері. Әркімнің қабілетіне, әркімге еңбегіне қарай маңызды ұстаным.
- 4.Педагогикалық қызметкерлердің санға және еңбек сапасындағы сәйкестіктеріне орай экономикалық ынталандыру әдістерін жетілдіру.
- 5.Әкімшілік әдістер. Орындау қызметіндегі уақыттың шектеулі нұсқаулау, бұйрықтар талаптар және т.б. түрлеріндегі орындаушыларды инструкторлау және нормаға келтіру.
- 6.Басқарудың автократиялық стилін қалыптастыру.
- 7.Психология-педагогикалық әсерлердің әдістері.
- 8.Кеңес беру, өтініш, тілек білдіру, талап ету, өкім, мадақтау, алғыс жариялау және т.б. әдістерінің түрлерін іске асыру.
- 9.Ұжымдық және жеке дара психологиялық ерекшеліктер. Қоғамдық әсердің ықпал ету әдістері.
- 10.Басқару қызметіне кең түрде тарту, оның бойында білім беру үдерісінің негізгі мәселелерін ұжымдық бақылауда ашық талдау арқылы демократиялық бастамасын дамыту.
- 11.Басқару қызметі деңгейі мен педагогикалық менеджмент әдістерін жүйелеу.
- 12.Тұлғалық (жеке дара) микродеңгей.Топтық (әлеуметтік-психологиялық) – мезодеңгей. Әлеуметтік (макродеңгей).

### **Блиц-тест**

1. Педагогикалық менеджмент әдістері:
  - а) Психо педагогикалық әсер ету
  - б) Өзін өзі жүйелі жетілдіру
  - с) Реттеу
  - д) жүйелеу
  - е) жоспарлау
2. В.П.Симонов еңбектерінде көрсетілген оқыту процесінің өзара байланысты құрылымы:
  - а) оқыту процесінің нәтижелігі

- b) Оқу-тәрбие үдерісін басқару
  - c) оқу-танымдық
  - d) оқыту тұғыры
  - e) педагогикалық ұстаным
3. Әлеуметтік-психологиялық басқару әдістері-бұл...:
- a) қызметкерлердің саналылық деңгейін көтеру
  - b) оқу-тәрбие деңгейін көтеру
  - c) оқу-танымдық процесті қалыптастыру
  - d) түрлі инновацияларды меңгеру және оның білім мекемесі дамуына әсерін анықтау
  - e) сапалы білім қалыптастыру әрекеттері
4. Ұйымдастыру- жарлықтық іс әрекеттерінің мазмұны педагогикалық менеджменттің қай әдісіне жатады?
- a) менеджердің әкімшілік жұмыс әдісіне
  - b) психо педагогикалық әсер ету әдісіне
  - c) экономикалық әдіске
  - d) қоғамдық әсер әдісіне
  - e) өзін-өзі жүйелі жетілдіру әдісіне
5. Экономикалық басқару әдістері – бұл...:
- a) ұжымға және оның жекелеген мүшелеріне нақты экономикалық механизмдер арқылы (еңбекақы мөлшері, сыйақы, баға белгілеу, несие беру, т.б.) әсер ету жүйесі
  - b) қызметкерлердің бағыныштылығына, билік жүргізуге, тәртіп сақтауға негізделген ұйымдық және биліктік ықпал құралдарының жүйесі
  - c) бағынышты адамдардың жеке мінездемелері мен дербес ерекшеліктеріне байланысты
  - d) қабылданатын шешімнің өзгешелігіне басқару процесінің ерекшелігі
6. Педагогикалық менеджмент әдістеріне жатады:
- a) ұғымдық басқару әдісі
  - b) B) педагогикалық және психологиялық заңдарды қолдану әдістері
  - c) C) басқару қызметін өзара бөлісу әдісі
  - d) D) қоғамдық пікір арқылы әсер ету әдісі
  - e) E) менеджердің өзін-өзі жүйелі жетілдіру әдісі
7. Әкімшілік басқару әдістері көмегімен не жүзеге асырылады?
- a) кеңес, өтініш, ұсыныс, мадақтау түрінде жүзеге асырылады
  - b) кадрларды жинақтау
  - c) ұжымның әлеуметтік дамуы жоспарланады
  - d) ұжымда қолайлы психологиялық климат қалыптасады
  - e) жұмысшылардың шығармашылық белсенділігі артады
8. Педагогикалық менеджмент әдістеріне жатады:
- a) экономикалық әдістер
  - b) басқару қызметін өзара бөлісу әдісі
  - c) өзін-өзі сынай білу әдісі

d) басқару денеілерін қолдану әдісі

e) талдау, реттеу әдісі

9. Әкімшілік-ұйымдастыру әдістері – бұл...

a) қызметкерлердің бағыныштылығына, билік жүргізуге, тәртіп сақтауға негізделген ұйымдық және биліктік ықпал құралдарының жүйесі

b) бағынышты адамдардың жеке мінездемелері мен дербес ерекшеліктеріне байланысты

c) қабылданатын шешімнің өзгешелігіне

d) басқару процесінің ерекшелігі

e) жетекшілік стилі

10. Әлеуметтік-психологиялық басқару әдістері нешеге бөлінеді:

a) 2

b) 4

c) 6

d) 3

e) 5

### Бақылау сұрақтары

1. Педагогикалық менеджменттің негізгі түрлерін атаңыз.

2. Оқу үдерісінде субъектілерді ынталандыру немен байланысты?

3. Сіз қандай педагогикалық менеджменттің әдістерін білесіз?

4. Білім беру ұйымдарындағы басқару әдістерінің тиімділігін сипаттаңыз.

5. Білім менеджері ұғымына түсінік беріңіз, оның кәсіби іс-әрекетінің мекеме

6. жұмысындағы ролі мен маңызын сипаттаңыз.

7. Білім менеджерінің қызмет бағыттарына (функцияларына) сипаттама беріңіз.

8. Мектептің педагогикалық ұжымына мінездеме беріңіз.

9. Менеджердің жетекшілік стильдеріне салыстырмалы талдау жасаңыз.


### Сызбалар, тапсырмалар

Тапсырма 1: Басқарудың негізгі әдістеріне сипаттама бере отырып, кестені толтырыңыз.

Әкімшілік әдістер	
Ұйымдық әсерлер	
Жарлықтық әсерлер	
Пәндік жауапкершілік	
Материалдық жауапкершілік	
Әкімшілік жауапкершілік	
Экономикалық әдістер	
Коммерциялық есеп	
Баланстық әдіс	
несиелеу	
баға қалыптастыру	

пайда	
Еңбек ақы	
Сыйақы	
Әлеуметтік-психологиялық	
қызметкерлерді ынталандыру	
әлеуметтік жоспарлау	
Жеке адамның мысалы	
жеке және топаралық қатынастарды реттеу	
ұжымда әлеуметтік жағдайды қолдау және құру	

Тапсырма 2.Модуль мен гипермәтінге сүйеніп, схеманы толтырыңыз.



Тапсырма 3.Модуль мен гипермәтінге сүйеніп, бағытын анықтаңыз.

- а) білім беру жүйесін реформалаудың;
- ә) білім беруді реформалаудың тенденцияларын

### Глоссарий

**Басқару әдістері** – басқару жүйесінің қолда бар еңбек, материалдық-қаржылық және өзге де ресурстарды неғұрлым нәтижелі пайдалана отырып, мекеме алдында тұрған мақсаттарға жетуге бағытталған іс-әрекет тәсілдері

**Әкімшілік-ұйымдастыру әдістері** – бұл қызметкерлердің бағыныштылығына, билік жүргізуге, тәртіп сақтауға негізделген ұйымдық және биліктік ықпал құралдарының жүйесі

**Ұйымдық ықпал** – тиімді, тұрақты ұйымдық қатынастар қалыптастыруға бағытталаған әкімшілік актілерін (құжаттарын) жасау



**Ұйымдық регламенттеу** – қызметкерлерге белгілі бір тәртіпте іс-әрекет жасауды анықтаушы ықпал

**Ұйымдық нормалау** – қызметкерлерге өндіріс процестерін жүзеге асыруға қажетті нормалар мен нормативтерді жеткізу

**Ұйымдық-әдістемелік түсіндірме** – қызметкерлерге әдістемелік сипаттағы ережелер жиынтығы арқылы ықпал жасау

**Әміршілік ықпал** – бұл ұйымның ағымдық жұмысын реттейтін бұйрықтар, шешімдер, қаулылар, өкімдер даярлау және оларды орындаушыға жеткізу

**Экономикалық басқару әдістері** – бұл ұжымға және оның жекелеген мүшелеріне нақты экономикалық механизмдер арқылы (еңбекақы мөлшері, сыйақы, баға белгілеу, несие беру, т.б.) әсер ету жүйесі

**Әлеуметтік-психологиялық басқару әдістері** – қызметкерлердің саналылық деңгейін көтеру, ұжымды және жеке тұлғаны қалыптастыру, моральдық ынталандыру және өзара жарыс формаларын жетілдіру арқылы басқарылушы жүйеге әсер ету тәсілдері

### **Мәнжазба тақырыптары**

1. Педагогикалық менеджменттің әдістемесі ұғымына түсінік, оларды жіктеу
2. Педагогикалық менеджменттің әдістемесінің сипаттамасы
3. Қазіргі менеджменттің инновациялық сипаттамасы

### **Әдебиет**

1. Гончаров М.А. Основы менеджмента в образовании. -М., 2009.
2. Баймолдаев Т.М. Менеджмент как метод управления современной школой. Алматы, 2003.
3. Зайцева И.В., Кукушкина В.С., Миронова Т.В., Попова Е.А., Шалудченко И.Е., Управление образовательными системами. – М., 2006.
4. Ильясов Д.Ф., Сериков Г.Н. Теория управления образованием.- М., 2004
5. Каренов Р.С. Теория и практика менеджмента . – Алматы, 1999.
6. Садвакасова З.М. Организационный менеджмент в образовании. Алматы, 2006
7. Садвакасова З.М. Стратегическое планирование в организациях образования // Менеджмент в образовании. -2002.№2.-С.5-12.

### **№6 сабақ**

#### **Тақырып Педагогикалық менеджмент тиімділігін анықтаудың факторлары**

**Сабақ мақсаты:** педагогикалық менеджмент тиімділігін анықтаудың факторлары туралы мағлұматты түсіну

#### **Практикалық сабақтың жоспары**

1. Білім беру үдерісіндегі орта білім беру оқу орындарындағы неміскұрайлылық.
2. Базалық негізгі ұғымдар.
3. Педагогикалық менеджменттегі және оқытудағы тәрбиедегі, білім беру үрдісін жоспарлаудағы неміскұрайлылық.

4. Ұйымдағы оқу-танымдық қызметіндегі немқұрайлылық.

5. Білім беру үрдісін бақылаудағы немқұрайлылық.

### **Блиц-тест**

1. Білім беруді басқарудың қоғамдық сипатының арта түсуі мынадай жағдайларға байланысты:

a) білім беру жүйесінің дамуы;

b) білім беру жүйесіндегі реформалар;

c) білім беру жүйесін басқарудағы демократия және орталықтандырылған режимнен «шығу»;

d) білім мекемесінің оқу-тәрбие жұмыстары мен шаруашылық мәселелерді өздігінен шешу мүмкіндігі;

e) білім беру саласында нарықтық қатынастардың кеңеюі және басқарудың экономикалық әдістерінің күшеюі, т.б.

2. Мектепшілік қадағалаудың мезгіліне қарай түрлеріне жатады:

a) апталық

b) эпизодтық

c) айлық

d) күндік

e) жылдық

3. Білім беру жүйесін реформалаудың тенденциясы:

a) педагогтік білім беру

b) білім берудің құрылымы

c) басқару мен жоспарлау

d) дәстүрлік, альтернативтік

e) білім берудің сапасы

4. Мектепті басқарудың принциптерінің біріне жатады:

a) демократияландыру және ізгілендіру

b) ) күрделілік және жалпылық

c) жүйелілік және тұтастық

d) жекелік және тақырыптық

e) топтық және мазмұндық

5. Мектептерді басқару құрылымының деңгейі неше?

a) 4

b) 2

c) 1

d) 3

e) 5

6. Мектепшілік қадағалаудың нәтижелілігінің шарттары қандай?

a) қызметті сапалы орындаушылығы

b) талпынысы

c) оқу жоспарының әрбір пәні бойынша бағдарламаның талаптарын білу

d) қадағалаудың мақсаттылығы

e) тақырыптылығы

7. Педагогикалық менеджменттегі немқұрайлылық дегеніміз нені білдіреді?

- a) атқарушылардың қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылауда жүйелілік пен кешенділік бағыттың орын алуы
- b) тірі еңбектің орынына қағазбастылықты қалайды
- c) қағазбастылықты қолдамайды
- d) мотивацияны қолдайды
- e) атқарушылардың қызметінің тиімділігін талдау мен бағалауда жүйелілік пен кешенділік бағыттың орын алуы

8. Тәрбиелеудегі немқұрайлылық қалай сипатталады?

- a) ережелерді, заңдарды ешқандай ұғынусыз механикалық жаттап алуға ұмтылыс
- b) тәрбиелеуде сөздік әдісті қолдану
- c) жұмыстың жаппай формасын қолдану
- d) тәрбиеленушілердің бастамашылдығы мен өзбетіншелігін бәсеңдету
- e) нақты уақытты, орындаушылардың мүмкіндіктерін, жоспарланатын шаралардың өзектілігін ескермей жүргізілетін жоспарлы шаралардың көп болуы

9. Талдау дегеніміз....

- a) белгілі бір мәселенің мәні-мағынасын бағалауға қажетті ақпарат жинақтауға және оны өңдеуге бағыттталып, менеджменттің ең бастапқы функциясы
- b) білім менеджерінің оқу-тәрбие процесінің нақты жағдайын зерттеуге, оның нәтижесін объективті бағалауға және даму тенденциясын анықтауға бағытталған қызметі
- c) Педагогикалық процесс байланыстары
- d) Білім беру мекемесінің жұмысын жоспарлау, реттеу
- e) Білім беру процесін басқарудың принциптері мен технологиялық тәсілдерін анықтау

10. Дамып келе жатқан оқытуды жүзеге асырудағы немқұрайлылық көрінеді:

- a) ережелер, заңдар, анықтамаларды ойсыз, механикалық есте сақтауға тырысу
- b) іс жүзіндегі уақытты ескермей жоспарда шаралардың көр мөлшерінің болуы
- c) оқыту мен тәрбиелеудің өмірмен байланыс ұстанымын елемей
- d) оқытушының білім алушының белсенділігін басуға тырысуы
- e) ақыл-ой еңбегін ұйымдастыруға психологиялық-физиологиялық талаптар

### **Бақылау сұрақтары**

1. Білім беру үдерісіндегі орта білім беру оқу орындарындағы немқұрайлылық дегеніміз не?
2. Базалық негізгі ұғымдардың мазмұнына сипаттама бер.
3. Педагогикалық менеджменттегі немқұрайлылық туралы не білесіз?
4. Тәрбиедегі немқұрайлылық дегеніміз не?
5. Білім беру үрдісін жоспарлаудағы немқұрайлылық дегеніміз не?
6. Білім беру үрдісін бақылаудағы немқұрайлылық дегеніміз не?

## Сызбалар, схемалар, ситуациялар

1. «Педагогикалық менеджменттің негізі» тақырыбы бойынша логикалық схеманы құрастырыңыз.
2. Төменде берілген тапсырма бойынша түсініктердің сәйкес анықтамасын табыңыз. Жауабын сан және әріп бойынша жазыңыз.

Түсінік ер	Анықтамалар
1. Менеджер	А.Кез-келген ұйымдағы мәселелерді шешуші тұлға
2. Инновациялық менеджер	Б. оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқару жүйесінің субъектісі ретіндегі мұғалім;
3. Оқу-тәрбие үрдісіндегі менеджер	В. Бұл кәсіби жетекші: басқару қызметінде кәсіпті жүзеге асырушы адам
4. Оқу-таным үрдісіндегі менеджер	Г. педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысын басқарушы субъект ретіндегі директор (оның орынбасарлары).

### 1. Қайталау сипатындағы.

Төменде көрсетілген 1996 жылғы Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің басқару құрылымының схемасы бойынша қазіргі Қазақстандағы білім беруді басқару жүйесінің құрылымына сипаттама беру.

### 2. Шығармашылық сипаттағы.

Өз қалауыңызша дүние жүзінің бір еліндегі білім беруді басқару құрылымын анықтау.

### 3. Зерттеушілік сипаттағы.

Қазақстандағы білім беруді басқару құрылымын дүние жүзінің бір еліндегі құрылымымен салыстыру.

### Өзара бақылау парағы

1. Конституция	1. Президенттің жарлықтары
2. Заң	2. Қаулы
3. Бұйрық	3. Нормативтік акті
4. Стратегиялық бағдарлама	4. Даму тұжырымдамасы
5. Басқару қызметі	5. Бақылаудың түрлері
6. Жоспарлау	6. Іс жүргізу
7. Демократияландыру принципі	7. Мемлекеттілік принципі
8. Еркін таңдау принципі	8. Қоғамда өз орнын табуға көмектесу принципі
9. Интеграциялау принципі	9. Икемділік принципі
10. Белсенділік принципі	10. Ғылыми принцип
11. Жинақтылық принципі	11. Үздіксіздік принципі
12. Сабақтастық принципі	12. Адамгершілік принципі
13. Білім беруді интернационаландыру	13. Білім беруді деморатияландыру

14. Дәстүрлі реформалау 15. Антипедагогикалық реформалау	14. Альтернативтік реформалау 15. Ұстамды-радикальдық реформалау
---	---

## Глоссарий

**Педагогикалық менеджменттегі немқұрайлылық** - атқарушылардың қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және бақылауда жүйелілік пен кешенділік бағыттың бұзылуы

**Тәрбиедегі немқұрайлылық** - тәрбиелеу мен оқытудың өмірмен байланысының ұстанымдарынан бас тарту

**Бақылауды ұйымдастырудағы немқұрайлылық** - ол жүргізілген тексеру мақсатының анық қойылмауы, бағалаудың әділ критерийлерінің болмауы немесе қолданылмауы түрінде көрінеді

**Жүйелілік** – бұл талап мектептегі оқу процесінің бүкіл барысын басқаруға мүмкіндік беретін бақылау жүйесін құрып, бақылау мен тексеруді тұрақты жүргізуге бағытталады

**Ықпалдылық** - тексеру нәтижелері анықталған кемшіліктерді жойып, оңды өзгерістер жасауды талап етеді

**Тексерушінің өз ісін жетік білуі** - тексеретін тақырыпты білу, тексеру әдістемесін меңгеру, тексеру нәтижесінің дамуын болжай алуды талап етеді

**Жан-жақты тексеру** - педагогикалық ұжымның, әдістемелік бірлестіктің немесе жекелеген мұғалімнің қызметін жан-жақты тексеруге бағытталады

## Мәнжазба тақырыптары

1. Менеджменттің әдіснамалық тәсілдері: комплексті-жүйелік, бағдар-мақсаттық
2. Білім жүйесін басқарудың негізгі нысандары: ұйымдар, байланыстар мен қатынастар; процесстер.

## Әдебиет

1. Менеджмент в управлении школой. Уч.пос / под.ред Т.И.Шамовой – М:2000г
2. Гончаров М.А. Основы менеджмента в образовании. -М., 2009.
3. Баймолдаев Т.М. Менеджмент как метод управления современной школой. Алматы, 2003.
4. Зайцева И.В., Кукушкина В.С., Миронова Т.В., Попова Е.А., Шалудченко И.Е., Управление образовательными системами. – М., 2006.
5. Ильясов Д.Ф., Сериков Г.Н. Теория управления образованием.- М., 2004
6. Каренов Р.С. Теория и практика менеджмента. – Алматы, 1999.
7. Курс менеджмента. / под ред. Д.Д. Вачугова. РнД,2003
8. Садвакасова З.М. Организационный менеджмент в образовании. Алматы, 2006

## №7 сабақ

### Тақырып Педагогикалық менеджмент субъект қызметінің нәтижелері

**Сабақ мақсаты:** Педагогикалық менеджменттің субъектері қызметінің нәтижелері туралы іс әрекеттердің мазмұнымен танысу

### Практикалық сабақтың жоспары

1. Теория, әдістеме, педагогикалық менеджменттің тәжірибесінің негізгі ұғымдары.
2. Оқушылар білімінің сапасы.
3. Элементарлық білік және дағды, түсіну, есте сақтау ажырата білу тасымалдау- бұлар оқытудағы біртіндеп көрсеткіш дәрежелері.
4. Балдық бағаның мазмұны. Жоғары, орта, төменгі деңгейдегі талап.

### Блиц-тест

1. Менеджер қызметін жетістіктерге жету мүмкіндіктерін тежейтін факторлар:
  - a) өзін-өзі дамытуды тоқтату
  - b) ұжыммен тіл таба білу қабілеттілігі
  - c) инновацияға көзқарасы
  - d) өз саласында жетекші маман болуы
  - e) ұжымның басқару ерекшелігін білуі
2. Мектеп жұмысының практикасының жоспарында төмендегілердің қайсысы қолданылады:
  - a) қысқа мерзімділік
  - b) перспективалық
  - c) апталық
  - d) орташа мерзімділік
  - e) күндік
3. Педагогикалық талдаудың негізгі түрлеріне жатады:
  - a) нәтижелік
  - b) параметрлік
  - c) мазмұндық
  - d) пәндік
  - e) себептік
4. Мектеп басшылары басқару қызметінде сабаққа талдау жасаудың қандай түрлерін кеңінен қолдана алады?
  - a) Кеңейтілген
  - b) ұзақ
  - c) процестік
  - d) мақсаттық
  - e) апталық

5. Заманауи педагогикалық әдебиеттерде «білім сапасы» термині келесі анықтамалармен түсіндіріледі:
- a) заманауи кезеңде экономика талаптарына сәйкес маманның кәсіби қызметін үздік жүргізу қажеттілігін анықтайтын кәсіби сана сипаттамаларының кешені
  - b) ішкі және сыртқы нарықта ұйымның басымды жағдайын анықтайтын қаражатты жұмсауының үздік бағыты
  - c) демократиялық басқару қағидаттарын енгізу бойынша білім беру мекемелерінің қызметін белсендіру жүйесі
  - d) ұйым мақсаттарының ең тиімді жетістіктеріне ықпал ететін жана көзқарастардың, әдістердің, технологиялардың ғылыми ізденісі
  - e) бұл басқа адамдардың еңбегін, ой-өрісін, тәртіп уәждерін қолдана отырып, алға қойылған мақсаттарға жете білу ептілігі
6. И.П. Подласый бойынша оқыту әдістері:
- a) сөздік
  - b) теориялық
  - c) психологиялық
  - d) технологиялық
  - e) мазмұндық
7. Мектепті басқару ....
- a) мектеп әкімшілігінің іс-әрекеті
  - b) педагогикалық кенестер, семинарлар өткізу
  - c) педагогикалық талдау, жобалау
  - d) мектеп құрылымын байланыстыру тәсілі
  - e) қарым-қатынастарды жүйелеу
8. Директор қызметінің педагогикалық блогы:
- a) басшылық жасау, зерттеушілік, қарым-қатынас
  - b) педагогикалық талдау, жобалау
  - c) оқытушылар ұжымын топтастыру, тұлжарлық қарым-қатынас
  - d) дербес басшылық жасау әрекеттері
  - e) мектеп жұмысының сапасын арттыратын жаңа әдіс-тәсілдер
9. Директор қызметінің қарым қатынатың (коммуникативтік) блогы:
- a) басшылық жасау, зерттеушілік, қарым-қатынас
  - b) педагогикалық талдау, жобалау
  - c) оқытушылар ұжымын топтастыру, тұлжарлық қарым-қатынас
  - d) дербес басшылық жасау әрекеттері
  - e) мектеп жұмысының сапасын арттыратын жаңа әдіс-тәсілдер
10. Оқушылардың білім сапасы:
- a) бағдарламға сәйкестілігі
  - b) пән бағдарламасына сәйкестілігі
  - c) оқушылардың білімдерінің пәннің типтік бағдарламасына сәйкестігі
  - d) тұлғаның даму деңгейімен анықталады
  - e) педагогикалық процестің мәнін анықтау

## **Бақылау сұрақтары**

1. Теория, әдістеме, педагогикалық менеджменттің тәжірибесінің негізгі ұғымдарын түсіндіріңіз.
2. Оқушылар білімінің сапасы дегеніміз не?
3. Элементарлық білік және дағды, түсіну, есте сақтау ажырата білу тасымалдау ұғымдарға түсінік беріңіз.
4. Балдық бағаның мазмұны дегеніміз не?
5. Жоғары деңгейдегі талап дегеніміз не?
6. Орта деңгейдегі талап дегеніміз не?
7. Төменгі деңгейдегі талап дегеніміз не?

## **Эссе, іскерлік ойын, жоба**

1. Мектептегі оқушылардың білім сапасын арттырудың мәселелері туралы эссе жазу.
2. Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері, талаптары тақырыбында іскерлік ойын өткізу.
3. Білімді тексеруге қойылатын талаптар туралы жоба дайындау.

## **Глоссарий**

**Білім сапасы** - білім түрлерінің (заңдар, теориялар, қолданбалы, әдіснамалық, бағалау білімдері) білім мазмұны элементтерімен және меңгеру деңгейлерінің арақатынасы.

**Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі (БСБҰЖ)** - білім сапасының білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекет сұранысына сәйкестігін анықтау тәсілдерінің, түрлерінің, рәсімдері мен институционалдық құрылымдарының жиынтығы.

**Дағды дегеніміз** – жаттығу мен қайталау арқылы автоматтандырылған іс-әрекеттің бөлігі

**Перцептивті дағды** — жақсы таныс заттардың тану белгілерінің бірмезгілдік, таптаурын бейнелеуі.

**Интеллектуалдық дағды** — белгілі бір сыныпқа кіретін есептер мен тапсырмаларды шешудің таптаурын тәсілдері.

**Бақылау түсінігі** - оқушының білім, дағды және іскерліктерін анықтау, өлшеу мен бағалауды білдіреді.

**Есте сақтау дегеніміз** - өмірлік тәжірибе әрекетін алуға, сақтауға тырысу.

**Оперативті ес** - бір үрдіс барысында қажетті ақпаратты есте сақтау қабілеті деп айтады

**Түсіну** – құбылыстар мен заттардың толық әрі нақты көрінісі Түсіну – құбылыстар мен заттардың толық әрі нақты көрінісі

**Түсінік** – шынайы құбылыстар мен заттардың жалпы, нақты, ерекше белгілері көрінетін ойлар

**Талқылау** – құбылыстар мен заттар арасындағы байланыс немесе олардың белгілері мен қасиеттерінің байланысы



**Ақыл-ой қорытындысы** – бірнеше талқылаулардың нәтижесінде басқа талқылауға қол жеткізу

**Бақылау**- кең көлемде бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді  
Күнделікті бақылау- оқыту процесінде күнделікті қолданған сабақ барысында оқушылардың оқу танымдылық әрекетіне басшылық жасайды

### **Мәнжазба тақырыптары**

- 1.Педагогикалық басқару субъектісіндегі мұғалімнің жеке және кәсіптік сапасы
- 2.Педагогикалық басқару субъектісінің қызметі және мінез-құлқын реттеу және ұйымдастыру әдістері
- 3.Тексеруден диагностикаға көшу.
- 4.Білім, дағдыларды ізгілендіру.
- 5.Оқыту нәтижелерін бағалау.
- 6.Оқушылардың үлгермеушілігін болдырмау шаралары

### **Әдебиет**

- 1.Гончаров М.А. Основы менеджмента в образовании. М., 2009
- 2.Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой.-А:2001г
- 3.Зайцева И.В., Кукушкина В.С., Миронова Т.В., Попова Е.А., Шалудченко И.Е. Управление образовательными системами-М., 2006
4. Ладанов И.Д. Практический менеджмент. М-1995
- 5.Лебедева Н.А. Современный менеджмент в учреждениях образования. Алматы-1995
6. Симонов В.П. Педагогический менеджмент: НОУ-ХАУ в образовании.-М., 2007
7. Сергеева В.П. Управление образовательными системами. М.,2000
8. Каренов Р.С. Теория и практика образованием. Алматы,1999
9. Шамова Т.И. Менеджмент в управлении школой. М., 1998

### **№8 сабақ**

**Тақырып Білім берудегі менеджмент тұжырымдамасын дамытудың тарихы**

**Сабақ мақсаты:** Білім берудегі менеджмент тұжырымдамасының даму тарихымен танысу.

### **Практикалық сабақтың жоспары**

- 1.Басқару қызметінің адамға жақындау үдерісі.Басқару мәнінің өзектілігі.
- 2.Менеджмент-кәсіби тәжірибе мен өздігінен еңбек бағытындағы қызметіндегі ғылыми-қолданбалы білім жүйесінің түрі.
- 3.Басқару қызметіндегі ғылым және өнер. Д.Мак-Грегор – адамгершілік қатынас тұжырымдамасы әдіснамасының негізін қалаушы.
4. Ф.Ротлисбергер «Адамгершілік қатынас» америкалық мектебінің өкілі.

5.Адам ұғымына қойылатын ортақ талаптар-Менеджмент теориясының дамуының қадамы.

6.Сыйласудағы талаптар.Менеджердің мұғалімге сенімі-мектептегі жұмыстың тиімді маңызды факторы.Табыстың негізгі жолдары.

### Блиц-тест

1. Басқару теориясы мен практикасына тікелей үлес қосқан бағыттар:

- a) ғылыми басқару бағыты және әкімшілік бағыт
- b) индустриалды бағыт
- c) механикалық бағыт
- d) ақпараттық бағыт
- e) әлеуметтік бағыт

2. Қол еңбегі операцияларын жетілдіруге мән берген ғылыми басқару бағытының өкілдері:

- a) А.Маслоу
- b) Э.Мэйо
- c) Д.МакГрегор
- d) Ф.Тейлор
- e) Р.Лайкерт

3.«Адамдық қарым-қатынас» мектебінің беделді негізін қалаушылар; «Адамдық қарым-қатынас» мектебінің беделді негізін қалаушылар:

- a) М.Фоллет
- b) Ф.Тейлор
- c) А.Маслоу
- d) А.Файоль
- e) Э.Мэйо

4. Жұмысшылардың тұлғааралық қатынастарын реттеу әдістеріне назар аударған мінез-құлық мектебінің өкілдері:

- a) Р.Лайкерт
- b) Ф.У.Тейлор
- c) А.Маслоу
- d) А.Файоль
- e) Ф.Герцберг

5.Адамдық қатынастар мектебіне төмендегілердің қайсысы тән:

- a) Тұлғааралық қатынастарды басқару тәсілін қолдану, ұжымда қолайлы климатты қалыптастыру.
- b) Технологиялық операцияларды рационализациялау, жұмыскерді интенсивті еңбек етуге итермелеу.
- c) Ұйымды басқаруға деген жүйеленген бағыт.
- d) Компьютерді пайдалана отырып модельдік ситуацияны жасау.
- e) Жоғары жалақы көмегімен еңбек өнімділігін ұлғайту

6. «Адамдық қатынастар» мектебі қай жылдары пайда болды:

- a) XX ғасырдың 30-шы жылдары.
- b) XX ғасырдың 20-шы жылдары.

- c) XX ғасырдың 40-шы жылдары.
  - d) XX ғасырдың 50-ші жылдары.
  - e) XX ғасырдың 60-шы жылдары
7. Төмендегілердің қайсысы басқару мектептеріне жатпайды:
- a) Индустриалдық мектеп.
  - b) Ғылыми басқару мектебі.
  - c) Әкімшілік мектеп.
  - d) Адамдық қатынастар мектебі.
  - e) Сандық мектеп
- 8.«Мектептің өткен жылғы жұмысына терең талдау жасамай келер жылға жоспар құру мүмкін емес...» - деп санаған кім ?
- a) Шамова Г.И.
  - b) Ю.А.Конаржевский
  - c) К.М.Ушаков
  - d) Сухомлинский В.А.
  - e) О.С.Виханский
- 9.Педагогиканың ұжымда жағымды ахуалды қалыптастыруға әсер етеді:
- a) жауапкершілік мол, тәртіпті, білікті педагогтар
  - b) қайырымсыз, әдепсіз педагогтар
  - c) қатал, меншіл педагогтар
  - d) оқушылармен қарым-қатынас жасай алмайтын педагогтар
  - e) басшылармен ғана қарым-қатынасы жақсы педагогтар
- 10.Педагогикалық ұжымның климаты неге тәуелді болып келеді?
- a) оның мүшелерінің интеллектуалдық, сезімдік мінездерінің жігерлік белгілеріне
  - b) тәрбиелік белгілеріне
  - c) сезімдік-психологиялық белгілеріне
  - d) жауапкершілікті белгілеріне
  - e) әдепсіз, тиянақсыз белгілеріне

### **Бақылау сұрақтары**

1. Басқару қызметінің адамға жақындау үдерісі. Басқару мәнінің өзектілігі.
2. Менеджмент-кәсіби тәжірибе мен өздігінен еңбек бағытындағы қызметіндегі ғылыми-қолданбалы білім жүйесінің түрі.
3. Басқару қызметіндегі ғылым және өнер.
4. Д.Мак-Грегор – адамгершілік қатынас тұжырымдамасы әдіснамасының негізін қалаушы.
5. Ф.Ротлисбергер «Адамгершілік қатынас» америкалық мектебінің өкілі.
6. Адам ұғымына қойылатын ортақ талаптар- менеджмент теориясының дамуының қадамы.
7. Сыйласудағы талаптар. Менеджменттің мұғалімге сенімі-мектептегі жұмыстың тиімді маңызды факторы. Табыстың негізгі жолдары.

## Эсселер, жобалар

1. Менеджмент эволюциясы тақырыбы бойынша эссе жазу.
2. Менеджменттің қазіргі мектебі, басқарудың классикалық немесе әкімшілік мектебі туралы жоба дайындау.
3. Менеджменттің мәні және даму қағидалары тақырыбында эссе жазу.

## Глоссарий

**Менеджмент** – бұл ұйым мақсаттарына жету үшін адамның материалдық және қаржылық ресурстарды ұтымды пайдалану процесі

**Менеджер** – бұл кәсіпорынның әрекет етуінің нақтылы облысында басқару қызметімен кәсіби түрде айналысатын маман

**Менеджмент принциптері** – бұл жалпы заңдылықтар мен тұрақты талаптар, оларды сақтауда ұйымның тиімді дамуы қамтамасыз етіледі

**Педагогикалық үрдісті басқару** – қойылған мақсатқа сәйкес шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, басқару объектісін зерттеу, алынған ақпараттарды талдау және қорытындылау іс-әрекеті болып табылады

**Мектепшілік басқару** – тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында тұтас педагогикалық үдерістің объективтік заңдылықтарын тануға негізделген оған қатысушылардың мақсатты, саналы өзара әсерлесуі

**Адамдық қатынастар мектебі** - тұлғааралық қатынастарды басқару тәсілін қолдану, ұжымда қолайлы климатты қалыптастыру болып табылады

**X теориясы** - адамды өндірісте жекешеліктен айрылған механистикалық көзқарасты анықтады

**У теориясы** - адамды оның ішкі ортасымен қатынасының органикалық байланысы көзқарасы ретінде түсіндіреді.

## Мәнжазба тақырыптары

Қазіргі білім беруді дамыту тенденциясы мен проблемасы

Білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесі

Қазақстанның білім беру тәжірибесіндегі басқарушылық ойлардың эволюциясы

## Әдебиет

1. Менеджмент в управлении школой. Уч. пос / под. ред Т.И. Шамовой – М:2000г

2. Бердалиев К.Б., Өмірзақов С.П., Есенгазиев Б.К., Ерғалиев Қ.Р. Басқару негіздері.-Алматы, 1997

3. Рахымбаев А. Б., Сабатаева Б.О. Менеджмент. Алматы, 2006

4. Бабаев С.Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» Алматы 2006.

5. Ильясов Д.Ф., Сериков Г.Н. Теория управления образованием.-М., 2004

6. Шеламова Г.М. Деловая культура и психология общения. М., 2005

7. Садвакасова З.М. Организационный менеджмент в образовании. Алматы, 2006

8. Садвакасова З.М. Стратегическое планирование в организациях образования // Менеджмент в образовании. -2002.№2.-С.5-12.

10.Пищулин Н.П. Маркетинговая деятельность в образовательных учреждениях // Школьные технологии.-2001. .№4.-С.4-8

11.Бим-Бад Б.М. педагогический энциклопедический словарь. М., 2002

## **№9 сабақ**

### **Тақырып Мектепті басқарудағы адамгершілік қасиет**

**Сабақ мақсаты:** Мектепті басқарудағы адамгершілік қасиет туралы түсінікті қалыптастыру

### **Практикалық сабақтың жоспары**

1.Ғылыми басқарудың жолы (1885-1920жж). және оның негізін қалаушылар Тейлор, Гилбрейт. Әкімшілік жол (1920-1950жж). А.Файол және оның басқарудағы қағидалары.

2.Сандық әдістерді қолданудағы жолы.Сөздік жазбаның орнына өндірістік жағдайдағы математикалық үлгісінің құрастырылуы.

3.Жұмыскерлердің тұлға аралық қатынастағы тәртіпке келуіндегі мектептегі тәлімдік ғылымы (20ғ.50ж).

4. Бихевиористік жол. А.Маслоу – әлеуметтік факторлардың мәні туралы. Жоғары деңгей талаптарын қанағаттандырудың қажеттілігі.

5.Әлеуметтік қажеттіліктер. Сенім және құрметтеудегі қажеттіліктер.Өзін көрсете білудегі қажеттіліктер.

6.Жетекшінің басқару қызметіндегі тұлға аралық қарым-қатынасы.

### **Блиц-тест**

1.Адам факторына ерекше көңіл бөлген алғашқы авторлардың бірі:

- a) Д.Мак- Грегор
- b) К. Арджайрис
- c) У. Диксон
- d) М.Х.Мескон
- e) М.Альберт

2. Төменде көрсетілгендердің қайсысы басқару мектебіне жатпайды:

- a) Өндірісті басқару
- b) Ғылыми басқару мектебі
- c) Әкімшілік мектебі
- d) Адамдық қатынастар мектебі
- e) Сандық мектеп

3. Төменде көрсетілгендердің қайсысы менеджменттегі негізгі бағыттарға жатпайды:

- a) Механикалық бағыт.
- b) Процестік бағыт.
- c) Жүйелік бағыт.
- d) Ситуациялық бағыт.
- e) Әртүрлі мектептердің бөлінуі тұрғысынан бағыт

4. «Адамдық қатынастар» мектебі қай жылдары пайда болды:
- a) XX ғасырдың 30-шы жылдары
  - b) XX ғасырдың 20-шы жылдары
  - c) XX ғасырдың 40-шы жылдары
  - d) XX ғасырдың 50-ші жылдары
  - e) XX ғасырдың 60-шы жылдары
5. Менеджменттегі әкімшілік немесе классикалық мектептің негізін қалаушы:
- a) А.Файоль
  - b) Ф.Тейлор
  - c) Э.Мэйо
  - d) А.Маслоу
  - e) Г.Эмерсон
6. Ғылыми менеджмент немесе еңбекті ғылыми басқару мектебінің негізін қалаушы:
- a) Ф.Тейлор
  - b) А. Файоль
  - c) М.Х.Мескон
  - d) М.Альберт
  - e) Ф.Хедоури
7. Менеджменттегі әкімшілік басқару концепциясы XX ғасырдың мына жылдарында қалыптасты:
- a) XX ғасырдың 20-шы жылдары
  - b) XX ғасырдың басында
  - c) XX ғасырдың 30-50-ші жылдары
  - d) XX ғасырдың 60-шы жылдары
  - e) XX ғасырдың 70-ші жылдары
8. Адамдық қатынастар мектебіне төмендегілердің қайсысы тән:
- a) Тұлғааралық қатынастарды басқару тәсілін қолдану, ұжымда қолайлы климатты қалыптастыру.
  - b) Технологиялық операцияларды рационализациялау, жұмыскерді интенсивті еңбек етуге итермелеу.
  - c) Ұйымды басқаруға деген жүйеленген бағыт.
  - d) Компьютерді пайдалана отырып модельдік ситуацияны жасау.
  - e) Жоғары жалақы көмегімен еңбек өнімділігін ұлғайту
9. «Ғылыми басқару принциптері» атты еңбектің авторын көрсетіңіз:
- a) Ф.Тейлор.
  - b) П.Друкер.
  - c) А.Файоль.
  - d) М.Мескон.
  - e) Г.Эмерсон
10. Ф. Тейлор жүйесінің сипаттамасы:
- a) Жұмысшыларды әкімшіліктің ұйғаруына қарай топтау.
  - b) Жұмысшыларды өзара ұнатулары бойынша топтау.
  - c) Жұмысшылардың өндірісті жақсартуын ынталандыру.

- d) Өндіріс процесінде шығармашылық белсенділікке жол беру.
- e) Жұмысшыларды шешім қабылдауға қатыстыру

### **Бақылау сұрақтары**

Менеджменттің даму эволюциясының негізгі кезеңдерін атаңыз.

Басқару ғылымының дамуындағы менеджменттің негізгі мектептеріне сипаттама беріңіз.

Ғылыми менеджмент немесе еңбекті ғылыми басқару мектебінің негізін салушылардың тұжырымдамасын сипатта?

Басқарудың классикалық немесе әкімшілік мектебінің негізін салушы және оның негізгі принциптері?

Жұмыскерлердің тұлға аралық қатынастағы тәртіпке келуіндегі мектептегі тәлімдік ғылымы?

Бихевиористік немесе мінез-құлық мектебінің мәні неде?

### **Топтық жұмыс тапсырмалары**

Мектепті басқарудағы менеджердің үлгілі профессиограммасын жасаңыз (жұмыс ерекшеліктері, қызмет ету бағыттары, жеке басына және кәсіби жұмысына қойылатын талаптар, адамгершілік қасиеті т.б.)

Сіз қалай түсіндіңіз, сол бойынша үлгілі профессиограммасын жасаңыз (таблица немесе алгоритмін, схемасын құру).

### **Глоссарий**

**Ұйымдастыру еңбегінің қорытындысы** - адамдардың жұмыстарының тиімділігін жандандыру, олардың арасындағы өзара мүлтіксіз қарым-қатынастары, өзіндік ақыл-ойының өсуі, олардың белгілі іс- әрекетке ұмтылуы, жұмысқа жақсы көңіл- күймен, өз еркімен қарым-қатынасы

**Қажеттілік** - организмнің, индивидтің, тұлғаның бір нәрсеге қатысты мұқтаждығы

**Әлеуметтік қажеттілік** – бұл бір нәрсеге немесе біреулерге қатыстылық сезімі, өзінді біреулердің құрметтеу сезімі, әлеуметтік қарым-қатынас, құштарлық және сүйемелдеушілік сезімі

**Ұмтылу** – бұл белгілі бағытқа ие бір нәрсенің жетіспеуін сезіну

**Сый-құрметке деген қажеттілік** - қажеттіліктің бұл тобы адамдардың қабілетті, өзіне сенімді және басқалар тарапынан оларды мойындау тілегін бейнелейді

**Әлеуметтік немесе бірнәрсеге қатысу қажеттілігі** - мұнда адам қоғамдық шараларға қатысуға, достыққа ұмтылады

**Өзін-өзі көрсету қажеттілігі** - бұл қажеттілік адамдардың өз білімдерін, қабілеттерін, тәжірибесін неғұрлым толық пайдалануға ұмтылуын көрсетеді

**Өндірісті басқаруға деген ғылыми бағыт** - капиталды және еңбекті қолдануды рационализациялауға бағытталған бірнеше маңызды мәселелерді қамтыды

**Ф.Тейлор тұжырымдамасының негізгі ережелерінің бірі** - тәжірибеде қалыптасқан ескі, дәстүрлі жұмыс тәсілдерін алмастыра алатын ғылыми фундамент жасау, оның әрбір элементін ғылыми тұрғыдан зерттеу

**А.Файоль әкімшілік басқаруда басшылыққа алынуға тиісті мынадай принциптерді сипаттады** - жұмысты бөлісу, билік (бұйрық беру жауапкершілікпен ұштасуы тиіс), тәртіп, дара басшылық, жеке мүддені жалпыға бағындыру, сыйақы төлеу, иерархиялық тізбек (төмен шенділердің жоғарғыларға бағыну тәртібі), бастамашылық, корпоративтік рух, т.б.

**Бихевиористік мектептің басты мақсаты** - басқару ісін ұйымдағы адам ресурстарының тиімділігін арттыру арқылы оңтайландыру болды.

### **Мәнжазба тақырыптары**

1. Басқару әлеуметтік жүйенің міндетті компоненті ретінде
2. Мұғалім қызметін басқарудағы ақпараттық қамтамасыз етудің ролі

### **Әдебиет**

1. Менеджмент в управлении школой. Уч.пос / под.ред Т.И.Шамовой – М.:2000г
2. Рахымбаев А. Б., Сабатаева Б.О. Менеджмент. Алматы,2006
4. Бабаев С.Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» Алматы 2006.
5. Ильясов Д.Ф., Сериков Г.Н. Теория управления образованием.-М., 2004
6. Шеламова Г.М. Деловая культура и психология общения. М.,2005
7. Садвакасова З.М. Организационный менеджмент в образовании. Алматы, 2006
8. Садвакасова З.М. Стратегическое планирование в организациях образования // Менеджмент в образовании. -2002.№2.-С.5-12.
9. Файоль А., Эмерсон Г., Тейлор Ф., Форд Г. Управление-это наука и искусство. М.,1992
10. Пищулин Н.П. Маркетинговая деятельность в образовательных учреждениях // Школьные технологии.-2001. .№4.-С.4-8

### **№10 сабақ**

**Тақырып Педагогикалық менеджменттегі іскерлік қатынастағы психологиялық негіздер.**

**Сабақ мақсаты:** Педагогикалық менеджменттегі іскерлік қатынастағы психологиялық негіздер туралы жалпы мазмұнын меңгеру

### **Практикалық сабақтың жоспары**

1. Ауыша және ауызша емес компоненттер.
2. Іскерлік қарым-қатынастың ең маңызды бөліктері: интонация, мимика, ым, қалып.
3. Тіл-ауызша қатынас компоненті. Ым ақпараты. Ымның төрт түрі: ымдар-нышандар, ымдар-иллюстраттар, ымдар-регулятор, ымдар-бейімдеу.
4. Дистанцияның төрт түрі: дербес, әлеуметтік, ресми, көзқарас. Ұлттық дәстүрлер мен мәдениеттегі ауызша емес тәртіппен байланысы.



### Блиц-тест

1. Екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттері дегеніміз?

- a) қарым-қатынас
- b) Іскерлік қатынас
- c) Іс-әрекет
- d) Келіссөз
- e) Іскерлік әңгімелесу

2. Мұнда сұхбаттасушының іске деген тұлғалық ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл-күйі ескеріледі, бұл...

- a) Іскерлік қарым-қатынас
- b) Формалды рөлдік қарым-қатынас
- c) Маникулятивтік қарым-қатынас
- d) Вербалды қарым-қатынас
- e) вербалды емес қарым-қатынас

3. Мұнда сұхбаттасушының тұлғасы мен әлеуметтік рөлі маңызды болып табылады, бұл...

- a) Формалды рөлдік қарым-қатынас
- b) Маникулятивтік қарым-қатынас
- c) Вербалды қарым-қатынас
- d) вербалды емес қарым-қатынас
- e) Іскерлік қарым-қатынас

4. Іскерлік серіктеспен келіссөз кезінде қандай қалыптар мен ымдарға жол бермеу керек?

- a) өзін еркін ұстау
- b) сөйлесуге жабық болатын және агрессияны сипаттайтын позаларды ұстанбау керек
- c) басын тік ұстау
- d) пірлесушінің көзіне тіке қарау
- e) дистанция сақтау

5. Д.Левис вербальді емес коммуникацияда қандай ым түрлерін ажыратты?

- a) ымдар-нышандар
- b) ымдар-иллюстраттар
- c) ымдар-коммуникаторлар
- d) ымдар-кедергілер
- e) ымдар-мотиваторлар

6. Вербальді емес коммуникациядағы белгілердің оптико-кинетикалық жүйесіне төмендегілердің қайсысы жатады?

- a) ауызша сөз
- b) қалып
- c) жүріс-тұрыс
- d) ым
- e) киім киюі

7.Басқа адамдарды, олардың сыйлау, амандасу мен тілектерден көрінетін сыйластықты білдіретін дауыс ырғағы, ишара-ым болып табылады:

- a) сыпайылылық
- b) Корректілік
- c) Такттілік
- d) Қарапайымдылық
- e) Дәлдік

8. Кез келген жағдайда, әсіресе жанжалды жағдайда өзін өзі ұстауы, шектен шықпауы жатады:

- a) Корректілік
- b) Такттілік
- c) Қарапайымдылық
- d) Дәлдік
- e) Сыпайылылық

9. Іскерлік қарым-қатынас нешеге бөлінеді:

- a) 2
- b) 1
- c) 3
- d) 4
- e) 5

10.Қарым-қатынас стилі бойынша тәрбие бөлінеді:

- a) демократиялық
- b) адамгершілік
- c) діни
- d) мектептік
- e) Отбасылық

### **Бақылау сұрақтары**

- 1.Ауыша және ауызша емес компоненттердің мазмұнын түсіндір.
2. Іскерлік қарым-қатынастың ең маңызды бөліктеріне не жатады?
3. Ым ақпараты және оның түрлері қандай?
4. Қарым-қатынастың ұлттық ерекшеліктеріне сипаттама бер.

### **Талдаулар, іскерлік ойын**

- 1.Қарым-қатынастың қоғамдық өмірде тілдесу арқылы жүзеге асуы тақырыбы бойынша ауызша талдау жасау.
- 2.Коммуникативті қарым-қатынас кедергілері, қиындықтары тақырыбында іскерлік ойын өткізу.

### **Глоссарий**

**Интонация** — сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-мелодикалық бейнесі

**Мимика** — бет әлпеттің қозғалысы, адам сезімін білдірудің бір формасы, адамның ішкі сезімін, көңіл-күйінің әр алуан сәттерін

